



***Қош келдіңіздер!***



# Климаты

Шымкент қаласы қоңыржай беледуінің оңтүсті бөлігінде орналасқан. Ауа температурасын маусым бойынша режимі әр түрлі болып табылады, қысқы маусым салыстырмалы жылы болады, қаңтар айындағы ауаның орташа температурасы  $-1,5^{\circ}\text{C}$  құрайды, кері температуралар тек ғана осы қаңтар және ақпан айында байқалады  $-0,3^{\circ}\text{C}$  құрайды. Жылдың басқа айларында ауаның температурасы әлде қайда жоғары болады. Қазақстанның басқа облыс орталықтарымен салыстырғанда жазғы температуралар салыстырмалы жоғары емес, шілде айының орташа температурасы  $+26,5^{\circ}\text{C}$  құрайды




Шымкент - инфрақұрылымы жақсы дамыған, Қазақстанның жетекші өнеркәсіп және экономикалық орталықтарының бірі. Қалада түсті металлургия, машина жасау, химия, мұнай өңдеу және тамақ өнеркәсібін дамытып отырған 69 өнеркәсіптік кәсіпорын бар. Жеңіл өнеркәсіпте алдыңғы қатардағы кәсіпорындарға - "Восход" фабрикасы (жүннен костюм, пальто, күртке тоқу), "Адал" (тоқыма өнеркәсібі), "Эластик" (шұлық тоқу) жатады. Құрылыс материалдарын өндіруде "Шымкентцемент" АҚ (цемент өндіру) және "Құрылыс материалдары" (құрылысқа қажетті кірпіштерді өндіру) және басқа да кәсіпорындар бар.



# Шымкент қорғасын зауыты

Шымкент қаласындағы қорғасын зауыты. Кеңес заманында Шымкентте ірі үш өндіріс орны болғаны белгілі. Олар – фосфор, шина жасау және қорғасын зауыты болатын. Бүгінде фосфор мен шина зауытының аумағы индустриалды аймақ құрылған. Ал қорғасын зауытына келсек, өндіріс ошағының жұмысы күн сайын түлеп, жанданып келеді. Қазіргі таңда нарықта зауыттың өндірген қорғасынына сұраныс өте жоғары. 30-шы жылдары Шымкентте қорғасын зауыты КСРО-дағы өндірілген қорғасынның 70 пайызын өндіргенін біреу білсе, біреу білмеуі мүмкін. 1934 жылдың 20 қаңтарында бірінші қорғасынын шығарды. Шымкенттегі қорғасын зауыты 30-шы жылдардың өзінде КСРО-да өндірілген қорғасынның 70 пайызын қамтыған. Жаңадан жұмыс істей бастаған Шымкенттегі қорғасын зауыты бүкіл Кеңес Одағындағы қорғасын зауыттарынан 2 есе көп өнім беретін. ШҚЗ 1937 жылы КСРО-ның қорғасын өндірісінің 75,3 пайызын өндірді. 1939 жылдың 26 сәуірінде Калинин атындағы ШҚЗ КСРО-ның Жоғарғы Кеңес Президиумының жарлығына сәйкес Ленин орденімен марапатталды. 1939 жылы ШҚЗ Қазақстанның 73,2% КСРОның 62,1% қорғасын өнімін шығарды.





ШЫМКЕНТ  
ҚАЛАСЫНЫҢ  
ЭКОЛОГИЯЛЫҚ  
ПРОБЛЕМАЛАРЫ

# Экологиялық проблемасы



Шымкент Қазақстандағы ауаның ластану деңгейі жоғары қалалардың тізіміне енді. Олардың сөзіне сенсек, Шымқала атмосферасының ластау индексі 10 балға тең. Оған қаладағы көліктер санының көптігі себеп дейді мамандар. Жол полициясының мәліметтері бойынша, қалада 54 мыңнан астам автокөлік, соның ішінде 4805 жүк машинасы, 2424 жолаушы көлігі және 47 040 жеңіл машина тіркелген. Жыл өткен сайын қалада автокөлік саны арта түсуде.

A decorative border surrounds the central text, featuring pink lily flowers and cinnamon sticks. The background is a light blue gradient with a subtle grid pattern. Sparkling starburst effects are placed at various points along the border and on the flowers.

**Назарларыңызға  
рахмет!**